



Ұйымдастырылған оқу
іс-әрекеті: Көркем әдебиет
Тақырыбы:
Түлкі мен тырна (ертегі)

Нұрманова Күнзира Аққуанқызы
Білімі: Жоғары
Мамандығы: Мектепке дейінгі
білім беру мен тәрбиелеу
Санаты: II
Еңбек өтілі: 5 жыл

Мақсаты

Білімділігі

Балалардың тілін
дамыту, сөйлеу
мәдениеті мен
ой-өрісін,
дүниетанымын
жетілдіру.
Шығармашылық
қабілетін дамыту.
Таныс ертегілерді еске
түсіру, білетін
ертегілердегі
әрекеттерді қысқаша
айтып өту.

Дамытушылығы

Жаңа
ертегінің мазмұнын
тыңдауға
қызығушылығын
арттыру.
Ертегінің
мазмұнын
түсіндіру, сөздік
қорын, мәнерлеп
сөйлеу
дағдыларын
арттыру.

Тәрбиелігі

Балаларды достыққа,
ұйымшылдыққа,
бауырмалдыққа
тәрбиелеу, жағымды
және әділеттікке,
еңбекті бағалай
білуге,
еңбекқорлыққа
тәрбиелеу.

**Ұйымдастырылған
оқу іс-әрекет түрі:**

Көркем әдебиет

**Әдісі-
тәсілдері:**

Әңгімелеу, сұрақ-жауап,
ойын,
СТО технологиясы,
талдау, топтастыру.

**Қолданылатын
көрнекіліктер:**

Ертегі кейіпкерлерінің бейнесі
(түлкі, тырна), жұмбақтар, ертегі
кейіпкерінің бейнесін
құрастыратын пішіндер.

Оқу іс-әрекет барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Балалардың қызығушылығын ояту арқылы, психологиялық дайындық.

II. Жаңа сабақ.

III. Ойын.

Ұйымдастыру кезеңі

**Балалардың қызығушылығын ояту арқылы,
психологиялық дайындық жасау**

**Ертегімді бастайын,
Қиялдап бір тастайын,
Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде,
Жас данышпандар болыпты,
Белгілі бір мекенде.
Ерте, ерте, ертеде,
Ертегі сыр шертеді,
Ертегіні жақсы айтқан бала
Мақсат-мұратына жетеді.**



«Ойға шабуыл» стратегиясы

- Балалар, сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?
- Біздер қандай ертегілерді білеміз?
- Аңдардың ішіндегі айлакері, қуы қандай аң?
- Түлкі туралы қандай ертегілерді білеміз?

«Түлкі мен ешкі»

«Айлакер түлкі»

«Түлкі мен арыстан»



«Ойлан, тап» стратегиясы

*Кел, балалар ойнайық,
Ойнайық та, ойлайық,
Қандай жұмбақ болса да,
Шешпей оны қоймайық.*

*- Өзі айлакер, өзі қу,
Жүрген жері айқай шу.*





Мағынаны ашу



Ертегінің мазмұнына байланысты сұрақ қою

- Ертегі сендерге ұнады ма?

Түлкі кімді қонаққа шақырады?

Тырна қонақтан қандай көңіл күймен шықты?

- Тырна қонаққа кімді шақырды?

- Түлкі мен тырнаның достығы немен бітеді?



Сергіту сәті

***Қане, қанат жазадық,
Қарлығаш боп ұшайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз демалып алайық.***

”Топтастыру” стратегиясы





«Бағытталған оқу» стратегиясы.

Балаларға ертегі кейіпкерлерінің сұлбасын пішіндермен құрастыру.

Дидактикалық ойын. «Пішіндермен құрастыр»

Түлкінің денесін сопақшамен, басын кішкентай дөңгелекпен, екі құлағын екі кішкентай үшбұрышпен, тұмсығын үшбұрышпен, аяқтарын кішкентай сопақшалармен келтіреміз, құйрығын орташа сопақшамен құрастырамыз.



